



№42 (10032)
28 мамыр,
сейсенбі
2024 жыл

Жалағаш жаршысы



«zhalagash-zharshysy.kz»
ақпараттық аземіміз

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Білім жаңалықтары



Қанша түлек ҰБТ-да шекті балл жинай алмады?

Алғашқы негізгі ҰБТ-ның аралық қорытындылары белгілі болды. 16 мамырда басталған негізгі ҰБТ-2024-тің бірінші аптасы аяқталды. Ғылым және жоғары білім министрлігі хабарлағандай, негізгі ҰБТ басталғалы 30 мыңнан астам түлек сынақтан өтті. Оның ішінде талапкерлердің 69 пайызы қазақ тілінде, 31 пайызы орыс тілінде, 40 адам ағылшын тілінде тапсырған.

Министрліктің мәліметіне сүйенсек, ҰБТ басталғалы шекті ұлайды талапкерлердің 71 пайызы жинаған. Орташа баллға келетін болсақ, ол 64 баллды құрады. Ең жоғары балл – 136.

Осылайша тестілеуден өткендердің шамамен 29 пайызы шекті баллға жете алмады, бұл – шамамен 8700 адам.

Айта кетейік, тестілеуге қатысуға барлығы 186 мың талапкерден 342 мыңға жуық өтініш қабылданған. Қазіргі уақытта тестілеуге қатысушылардың ең көп саны, яғни 20 пайызы «шығармашылық емтихан», 18 пайызы «математика-физика» пәндерінің қосындысынан өтті. Тест тапсырушылардың 11 пайызы «Математика-информатика» комбинациясын таңдаған. Химия-физика комбинациясына ең аз басымдық берілген.

Байқауда бақ сынаймын десеңіз...

Бейнесабақтар және бейнедерістердің «Педагогикалық идеялар панорамасы – 2024» республикалық байқауы басталды. Бұл мектепке дейінгі, орта, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім беру ұйымдары қызметкерлерінің құралдық және пәндік сауаттылықты дамыту саласындағы заманауи білім беру технологиялары мен әдістемелерін пайдалану жөніндегі озық педагогикалық идеяларын ұсыну және тарату нысандарының бірі болып табылады.



«Педагогикалық идеялар панорамасы» әрбір қазақстандық педагогке 12 бағыт бойынша, яғни ерте сауаттылық (мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу), оқу сауаттылығы, математикалық сауаттылық, жаратылыстану-ғылыми сауаттылық, цифрлық сауаттылық, медиа-ақпараттық сауаттылық, қаржылық сауаттылық, экологиялық сауаттылық, денсаулық сақтау сауаттылығы (медициналық сауаттылық), әлеуметтік-эмоционалдық сауаттылық, мәдениетаралық сауаттылық, азаматтық-құқықтық сауаттылық) бойынша бейнематериал түрінде өзінің авторлық материалын ұсынуға мүмкіндік береді.

Байқауға жеке немесе авторлық топпен қатысуға болады, топтағы қатысушылар саны 3 адамнан аспауы керек. Бейнематериалдардың деріс, сабақ, практикалық немесе зертханалық жұмыс, семинар, шеберлік сабақ, цифрлық білім беру ресурсы мен бейнеподкаст секілді түрлері қабылданады. Түсірілген материалдарды қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде ұсынуға болады. Конкурсақа қатысушылардан берілетін бейнематериалдардың саны шектеулі. Бір педагог немесе бір авторлық топ тек бір бағытқа қатысуға өтініш беріп, бір бейнематериалды жібере алады.

Байқау жұмыстары 7 критерий бойынша бағаланады. Онда бейнересурстың өзектілігі, дәлелділігі, пәнаралық интеграциясы, әдістемелік құндылығы, инновациялылығы, сөйлеу мәдениеті мен шешендік шеберлігі, аудио, бейнеқатар сапасына мән беріледі.

12 бағыттың әрқайсысына 1 бірінші орын, 2 екінші орын және 3 үшінші орын беріледі. Өңірлік және республикалық кезеңдердің барлық қатысушылары қатысқаны үшін сертификаттармен немесе 1, 2, 3 дәрежелі жеңімпаздар дипломымен марапатталады. YouTube-те ең көп қаралған бейнематериал үшін әр бағыт бойынша мадақтау сертификаты қарастырылған. Байқаудың барлық марапаттау құжаттары ҚР Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 2 сәуірдегі №72 бұйрығына сәйкес аттестаттау кезінде біліктілік санатын беру немесе растауда ескеріледі. Конкурстың өңірлік кезеңіне қатысуға өтінімдер сайтында 24 сәуір мен 15 қазан аралығында қабылданады.

«ЖЖ» ақпарат

Салтанатты шара

Жолың болсын, жас түлек

Аттандық сапарға,
Көңілде мол арман,
Аттандық сапарға,
Тосады жол алдан.
Қалайша қиямыз,
Ұшырса ұямыз,
Біздерді тосады,
Туған ел құшағы.

Бұл – әрбір мектеп бітіруші түлектің әнұраны іспеттес өлең. Өзіміз де мектеп бітірер уақытта ыстық ұямызды қимай, көзімізге жас алғанымыз бар. Бүгін сол бес жыл бұрын қоштасқан алтын ұямызға келіп, балалық шағымызды еске алып қайттық. Осы оқу жылында Темірбек Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицейінде 857 оқушы білім алды. Оның 31-і биыл үлкен өмірге қадам басты. Түлектердің барлығы ҰБТ-ға қатысуға ниетті.

Өткен апта соңында кең-байтақ Отанымыздың барлық өңіріндегі білім ұяларында күміс қоңыраудың сыңғыры естіліп, жұрт түлектерге сәт сапар тіледі. Биылғы соңғы қоңырау жылдағыдан өзгеше өтті. Яғни 2-ші және 10-шы сыныптар 24 мамыр күні соңғы қоңырау салтанатты шарасына қатысса, 11-ші және 1-ші сыныптардың шарасы бөлек өтті. Мектеп бітіруші түлектер үлкен өмірге жолдама алып жатса, мектеп табалдырығын аттаған бүлдіршіндер бір сатыға көтеріліп, ата-аналардың, ұстаздар қауымының көз қуанышына айналды.

Көздері жасқа толып, үлкен өмірге деген үмітті үкілеген түлектер мен 11 жыл бойы білім беріп, оқушыларына деген қиындықпен қарап тұрған ұстаздардың және ата-аналардың жүздеріне қарап, кімнің болса да жан дүниесі толқымай тұрмайды.

Қайраткер атындағы білім ордасында былтырғы оқу жылында 48 түлек алтын ұямен қоштасып, оның 47-сі ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысқан. Нәтижесінде 43 түлек мемлекеттік грант иегері атанып, 4-еуі ақылы оқуға түскен. Екі білім алушы пәндік олимпиада нәтижесінде Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің білім грантының жеңімпазы атанған. Биыл 31 түлек мектеп бітірді. Қазіргі таңда барлығы ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысуға ниетті. Олардың қатарында Нарғыз Нұрбек АҚШ мемлекеттік департаменті қаржыландыратын 3 турдан тұратын Future Leaders Exchange (FLEX) бағдарламасының жеңімпазы атанды. Ол 2023 жылдың тамызынан 2024 жылдың мамыр-маусым айларына дейін америкалық отбасында тұрып, мектепте 1 жыл бойы тегін білім алу мүмкіндігіне ие болған.

– Дәл қазір бойымды қиындық, қуаныш, қорқыныш сезімі қатар билеп тұр. Мектеп бітіріп, бір жылға дәреже көтерілгеніммен мектеп қабырғасында өткен балалық шағын қимайды екенсің. Бүгінге дейін мектеп бітіремін деген ой болмады. Міне, бүгін соңғы қоңырау дауысын естігенде көзіме



еріксіз жас келді. Сыныптастарым мен мектеп бітіруші түлектерге сәттілік тілеймін, ендігі кезек – бізге артылған үмітті ақтап, грант иегері атану, – дейді мектеп түлегі Нұргүл Болатқызы.

Соңғы қоңырауда түлектерден бөлек ұстаздар да марапат төрінен көрінді. Жыл үздіктері анықталып, мұғалімдер мерейі үстем болды.

Айта кетейік, ауданда алғаш рет педагог-шебер санатындағы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Салтанат Қосжанова «Ыбырай Алтынсарин» төсбелгісімен марапатталды. Сондай-ақ 17 ұстазды «Жыл үздігі» номинациясымен марапаттап, мектеп

директоры Айнұр Сәнібекқызы ауданның білім саласының дамуына үлес қосып, жыл бойы үздік көрінген ұстаздар мен оқушыларға алғыс білдірді.

Былыр ауданда 358 оқушы мектеп бітіріп, 323 түлек ҰБТ тапсырған. Оның 86 пайызы мемлекеттік грант иегері атанды. Ал биыл ауданда 420 түлек мектеп бітірді. Олардың 18-і – «Алтын белгіге» үміткер, ал 43 оқушы – «Үздік аттестатқа» үміткер. 9 сыныпты тәмамдайтын 666 оқушының 132-сі – «Үздік аттестатқа» үміткер.

Ақнұр АЛТЫНБЕК

Маман мерейі



Әрбір адамның тұлға болып қалыптасуында ұстаздың орны бөлек. Сондықтан ол шәкіртті тәрбиелеп қана қоймай әрдайым даму үстінде болуы қажет. Бүгінгі кейіпкеріміз Салтанат Қосжанова – дәл осылай өзін әрдайым дамытып жүретін ұстаз. Ол талай шәкіртті шығармашылыққа баулып, қазақ әдебиетінің көркемдігі мен тіл тазалығын үйреткен. Әрдайым ізденісте жүріп, бізге де үлгі бола білді. Кеше Қазақстан бойынша «Ыбырай Алтынсарин» төсбелгісін иеленген ең үздік 190 мұғалімнің қатарында кейіпкеріміз де бой көрсетті.

Мәртебесі биік мұғалім

Оқушы кезімде қазақ тілі мен әдебиеті пәніне қызығушылығым аз болды. Сол уақытта Салтанат Қосжанова сынып жетекшім еді, кітап оқытып, жеке тапсырмалармен сыныптастарыммен бірге кітапқа қызықтырды. Айына бір кітап таңдалып, талдап бір-бірімізбен білім алмасуға үйретті. Содан бері өзімді шығармашылықтың адамы екенімді түсініп, қазір журналист болуымда Салтанат апайдың да үлесі зор.

Мұғалім – ең қастерлі мамандықтың бірі. Қазір ұстаздар Ахмет Қосжанов, Ыбырай Алтынсарин сынды ұлтына адал қызмет еткен көрнекті ағартушылардың ізін де, ісін де жалғастырып келеді. Мемлекет басшысының өзі білім саласына, ұстаздарға көп көңіл бөліп отыр. Соның нәтижесінде «Педагог мәртебесі туралы» заң қабылданды. Мұғалім мәртебесін көтерудің алғы шарты – мұғалімдердің айлық жалақысын көтеруді көздеді.

Сонымен бірге ұстаздарды өзінің қызметтік міндетіне жатпайтын функциялардан босатуға мүмкіндік берді. Мұғалімдерге одан басқа да жан-жақты жағдай жасалды. Әсіресе мұғалімдердің үздік педагог, педагог-шебері сынды бірқатар байқаулар олардың өз-өзін дамытуға да мүмкіндік берді. Кейіпкеріміздің айтуынша, бұл ұстаздарға бәсекеге қабілетті ұрпақ қалыптастыруға жол ашады.

– «Үздік педагог – 2022» байқауына қатысып, байқаудың ережесі бойынша әр қатысушы мұғалімнің республикаға тараған педагогикалық тәжірибесінен жинақталған әдістемелері, авторлық бағдарламасы, республикалық конкурстарға, фестивальдарға, конференцияларға қатысқаны, ондағы жасалған баяндамалар, телевизиялық сабақтарын түсіріп, сол жылы «Үздік педагог» мәртебесін иеленді. Былыр ұстаздар мерекесі қар-

саңында ауданда «педагог-шебер» атандым. Осы марапаттардың арқасында биыл ауданда алғаш рет «Ыбырай Алтынсарин» атындағы төсбелгі иегері болдым. Дәл осындай мүмкіндіктер берген Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаевқа алғысым шексіз. Білім қай кезеңде де өз маңызын жоғалтпайды. Сондықтан ұстаздар өздерін де шындап отыруы керек, – дейді ол.

Елімізде 190 мұғалім «Ыбырай Алтынсарин» атындағы төсбелгімен марапатталды. Оның ішінде 10 мұғалім Қызылорда облысынан.

Салтанат Қосжанова – үнемі ізденіс үстінде жүретін жаңашыл мұғалім және жиған білімі, тәжірибесімен шәкіртті ғана емес, өзін де үнемі білімділігімен отыратын нағыз ұстазға тән бекзат болмыстың иесі. Ол – ҚР Оқу-ағарту министрілігі ұсынған «Абайтану» оқулығын әзірлеген авторлардың бірі. Нақтырақ айтсақ, 2022 жылдан бастап мектеп бағдарламасына еніп, пән ретінде оқытыла бастаған қосымша әдістемелігі бар «Абайтану» хрестоматиясын жазып, даярлаған республика бойынша үш мұғалімнің бірі. Сондай-ақ Салтанат апайдың өз пәні бойынша дайындаған оқушылары облыстық, республикалық, халықаралық олимпиадалардан жүлделі орындар иеленіп келеді.

Қазіргі таңда көптеген шәкіртті аяулы ұстаздың тәлімі мен тәрбиесін алып, алтын ұясынан түлеп ұшып, арман-мақсаттарына қол жеткізіп, еліміздің түкпір-түкпірінде мемлекеттің жарқын болашағына қызмет етуде. Осындай жүрегі мейірім мен жылылыққа толы, бала бойын білім нәрімен сусындатып, ұрпақ тәрбиелеуде ұлттық құндылықтарды ұштастыра білетін нағыз маман иелерінің қатары көбейіп деіміз.

Ақнұр АЛТЫНБЕК

Сараптама



Бүгінде қоғамда той-томалақ, ас беру, қонағасы секілді жиын көп. Әрине, қонаққа шақырса, құрқол бармайтынымыз белгілі. Тойлық пен сыйлық үшін қарызға ақша іздеп, зыр жүгіреміз. Сондай қысылтаяң сәтте «несие тарихынсыз жұмыссыз азаматтарға да қаржылай көмек береміз» деген ұйымдар алдыңыздан шыға келеді. Сол ұйымдардың көмегіне жүгінуге тура келетін кездер де болады.

Жандос ЖАЗКЕН



Микроқаржы ұйымдары қалтаны қағуда

200-ден аса ұйым бар

Иә, соңғы уақытта қазақстандықтар шағын несие беру ұйымдарының қызметіне көп жүгінетін болды. Өйткені микроқаржы ұйымдары көпшілік үшін пайыздық мөлшерлемесіне қарамай, ақшадан қиналғанда көмек сұрап жүретін құтқарушымызға айналды. Айлыққа дейін ақша бере тұратын бұл ұйымдардың саны 200-ден асқан. Жасың 18-ден асса, 10 мың теңгеден бастап 3 млн-ға дейін беретіні де бар. Непізнен бұл ұйымдарға ұлттық банктен мақұлдау ала алмаған несие банктердің «қара тізіміне» кіріп кеткен азаматтар жиі жүгінеді.

Сондай-ақ микроқаржы ұйымдарынан ресми жұмыспен қамтылмаған азаматтар үшін қарызға ақша алу тіпті оңай. Себебі бұл ұйымдар клиенттен кірісі және жұмыспен қамтылуы туралы анықтама талап етпейді. Оған қоса бір сәтте бірнеше микроқаржы ұйымынан несие ресімдеуге болады. Сорақысы, тұтынушылардың көбі студенттер, зейнеткерлер мен жұмыссыз азаматтар көрінеді. Нәтижесінде жұмыссыздар мен студенттер мұндай ұйымдарға қарызға белшесінен батып, одан құтылу үшін түрлі заңсыз істерге барып жатады. Сапаларынан жастар арасында ұрлық, бопсалау, құмар ойындар ойнау секілді іс-әрекеттер артқан.

Бірінші несие бюросының деректеріне сүйенсек, несиелік портфельдің 89,1 пайызы немесе 16,2 трлн теңге екінші деңгейлі банктенге тиесілі болса, микроқаржы ұйымдары жалпы портфельдің 6,3 пайызын, яғни 1,1 трлн теңгені құрайды. Мұнда автокредиттеумен айналысатын микроқаржы ұйымдарын және қатардағы микроқаржы ұйымдары үлесі 5,7 пайыз болса, ал онлайн микроқаржы ұйымдары нарықтың 0,6 пайызын құрайды.

Жеке тұлғалар 1,3 трлн теңге қарыз

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ресми ақпаратына жүгінсек, микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың актив-

тері өткен жылдың төртінші тоқсанында 0,4 пайызға немесе 11 млрд теңгеге төмендеп, биыл 2,5 трлн теңгені құраған. Активтердің төмендеуі кредиттік серіктестіктердің несиелік портфельінің төмендеуімен байланысты болып тұрғанға ұқсайды. Құрылымдағы активтердің ең көп бөлігі микроқаржы ұйымдарына, яғни 1 387 млрд теңге немесе 54,4 пайыз, кредиттік серіктестіктерге 847 млрд теңге немесе 33,2 пайыз, ломбардтарға 315 млрд теңге немесе 12,4 пайызы тиесілі.

Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың несие портфельі өткен жылдың соңғы тоқсанында 0,9 пайызға, яғни 2,4 трлн теңгеге дейін, ал заңды тұлғаларға берілген қарыздар соңғы тоқсанда 6 пайызға, яғни 804 млрд теңгеге дейін азайған. Жеке кәсіпкерлерге берілген қарыздар 331 млрд теңгеге немесе 0,2 пайызға дейін төмендеген. Бірақ жеке тұлғаларға берілген қарыздардың көлемі 2023 жылы төртінші тоқсанда 2,2 пайызға ұлғайып, биыл 1,3 трлн теңгені құрады.

Бүгінде бұл ұйымдардан қарыз алып, төлей алмай жүрген азаматтар қатары артқан. Әрине, оған себеп көп. Жоғарыда атап өткендей, жұмыссыздар, студенттер, зейнеткерлер қарыздан құтылуға қауқарсыз.

Статистика сүйенсек, 90 күннен астам мерзімі өткен қарыздардың деңгейі жыл басында 3,9 пайызды құраған. Соның ішінде жеке тұлғалардың 90 күннен астам мерзімі өткен микрокредиттердің үлесі 5,5 пайыздан 6,6 пайызға өскен. Былтыр микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың міндеттемелері 2,3 пайызға, нақтырақ тоқталсақ, 1,7 трлн теңгеге дейін азайған.

Алайда қарыз алғандардан қарыз бергендердің асығы алшысынан түсіп жатқандай. Өйткені аталған ұйымдар қарапайым халыққа қиналғанда қаржылай көмек беру арқылы өздерінің де қалталарын компитуда. Мәселен, қорландыру құрылымындағы алынған қарыздар 1,3 трлн теңгені құрайды. Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың меншікті капиталы 3,5 пайызға ұлғайып, 869 млрд теңге болған.

Жылдық мөлшерлеме 739 пайызды құрайды

Әу бастан бақылаусыз кеткен микрокредиттік ұйымдардың қызметі туралы қоғамда пікір екіұдай. Дегенмен бүгінде мемлекет тарапынан микроқаржы ұйымдарына қатысты талап күшеюде. Әсіресе соңғы жылдары бұл бағыттағы жұмыстар жандана түскен.

Иә, бұл ұйымдардың артықшылығы, нарыққа жылдам икемделуінде. Нарықтағы сұраныстың өзгеруіне тез бейімделіп, жаңа өнімдер мен қызметтерді дамыту арқылы несие беру мәселелерін жедел шешуге тырысады. Елдегі МҚҰ-ның көпшілігінде өздерінің несиелік скоринг жүйелері бар. Бұл оларға қарыз алушының несиелік қабілетін тез бағалауға және бірнеше минут ішінде несие ресімдеуге мүмкіндік береді.

Алайда бұл ұйымдардың кемшіл тұстары да жоқ емес. Әрине, тұтынушы үшін. Яғни қарыздың пайыздық мөлшерлемесі көдімгі банктен бірнеше есе жоғары болады. Жоғары пайыздық мөлшерлеме азаматтарды қарызға белшесінен батырып, алған қаржысын 4-5 еселеп қайтаруға мәжбүр етеді. Алған ақшаны дер кезінде қайтармаса, өсімпұл қосылады. Кейбір микроқаржы ұйымдарында максималды жылдық пайыздық мөлшерлеме 739 пайызға дейін жетуі мүмкін.

Экономист сарапшылардың айтуынша, микроқаржы ұйымдары өз қызметін заңды түрде жүзеге асырса, оларды қолдап, дамыту керек. Алайда халық шағын микроқаржы ұйымдарының максималды жылдық мөлшерлемесі туралы біле бермейді. Саладағы келеңсіздіктер шағын микроқаржы ұйымдарының қарыз беру шарттарын қайта қарастыруды талап етеді.

Несие алу талаптары күшейеді

Саладағы барлық субъекті, соның ішінде ломбард, кредиттік серіктестіктер мен онлайн-кредит беру компанияларының қызметі Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің

бақылауына алынған. Агенттіктің мәліметінше, бірінші кезекте микроқаржы ұйымдарындағы тәуекелдерді басқару жүйесіне қойылатын талаптарды белгілеу қажет. Микроқаржы ұйымдары тап болатын тәуекел бейіндерін, сондай-ақ олардың осы тәуекелдерді дұрыс басқару қабілетін дәйекті бағалауға назар аудару маңызды. Осындай шектеулі қадағалау ресурстарын тиімді бөлуге мүмкіндік беретін өзін-өзі реттеу институтын енгізу мәселесі де қарастырылып жатыр.

Агенттік мәлімдемесінде халықаралық тәжірибеге сүйене отырып, тәуекелдерді басқару жүйесіне реттеушілік есептілікті бақылау, азаматтардың шағынмен қарау, тексеру жүргізу және активтері аз субъектілерге қатысты лицензияларды қайтарып алуға бастамашылық жасау екіпәттіктері берілуі мүмкіндігі айтылған. Сонымен бірге кейбір микроқаржы ұйымдарының екінші деңгейлі банкке айналуы туралы да жиі айтылып жүр. Мамандардың пікірінше, бұл үдеріс бәсекелестікті дамытып, тұтынушылар үшін қаржылық қызметтердің қолжетімділігін арттырады.

Жұбайының рұқсатынсыз несие жоқ

Бір қызығы, енді ел азаматтары жұбайының рұқсатынсыз банктен немесе қаржы ұйымдарынан несие ала алмайды. Бұл мәселе Парламент Мәжілісінде қаралды. Депутаттар «Кредит беру кезінде тәуекелдерді барынша азайту және қарыз алушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңды екінші оқылымда қабылдап, Сенат қарауына жіберген.

Түйін: Қалай болғанда да несие қаржыдан қысылғанда көмек болатыны жасырын емес. Десе де халықты қарызға белшесінен батыратын емес, қайта оңалтатын құрал болса игі. Сондықтан микроқаржы ұйымдарының қызметін пайдаланарда өзіңіздің қаржылық әлеуетіңізді бір сараптап алғаныңыз жөн.

Баға бақылауда ма?

СЫР ӨНІРІ АЗЫҚ-ТҮЛІК БАҒАСЫН ТҰРАҚТЫ ҰСТАП ТҰРАТЫН ӨНІРЛІРДІҢ БІРІ ЕКЕНІ БЕЛГІЛІ. ӨЙТКЕНІ АЙМАҚТА ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗЫ БАР АЗЫҚ-ТҮЛІК ТАУАРЛАРЫНЫҢ БАҒАСЫН ТҰРАҚТАНДЫРУ МАҚСАТЫНДА ЖІІ ЖӘРМӨҢКЕЛЕР ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУДА. ОНДА АЗЫҚ-ТҮЛІК ӨНІМДЕРІНІҢ БАҒАСЫ НАРЫҚТАН ӨЛДЕҚАЙДА ТӨМЕН ҰСЫНЫЛАДЫ.



24 мамырда тұрақтандыру қорына әлеуметтік маңыздағы өнімнің бірі пияздың 21 тоннасы келді. Аталған өнім корпорация «QazTrade» компаниясымен келісім-шартқа отырып, Өзбекстан елінен жеткізілді. Бұл пияздар қаламыздағы 10 ірі сауда орталығындағы бұрыш пен 35 әлеуметтік дүкенге белгіленген бағада таратылады.

Бұдан бөлек қазіргі таңда 20 тонна қырыққабат, 55 тонна рожки өнімдерін сатып алу жұмыстары жүргізілуде. Бүгінде тұрақтандыру қорында 94,97 тонна картоп, 394,22 тонна қарақұмық жармасы, 90,01 тонна пияз, 241 тонна рожки, 97,71 тонна сәбіз және 1 сұрыпты ұннан 137,18 тонна, жоғары сұрыпты ұннан 111, 56 тонна бар. Сондай-ақ 531,34 тонна өсімдік майы, 313,17 тонна күріш, 422,32 тонна қант пен 49,11 тонна тұз сақтаулы.

Жалпы маусымаралық кезеңде өңірлік тұрақтандыру қоры мен айналым қаражаты арқылы тікелей тауар өндірушілермен көкөніс өнімдеріне форвардтық келісім жасалып, қажеттілігіне қарай кезең-кезеңімен жеткізілуде, — деді «Байқоңыр» ӘКК» АҚ басқарма басшысы Мейрамбек Серікбай.

Сондай-ақ әлеуметтік нанның бағасы тұрақталды. Нан бағасы нарықта өскенімен әлеуметтік дүкендер мен сауда үйлеріндегі бұрыштарда баға өзгеріссіз. Бағаны тұрақты ұстап, өңірді нанмен қамтамасыз ету үшін «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы қаламыздағы 8 наубайхана мен аудандардағы операторлармен келісім-шартқа отырған.

Келісім-шарт негізінде тұрақтандыру қорынан наубайханаларға қостанайлық бірінші және жоғары сұрыпты ұн ең төмен бағамен босатылуда. Нәтижесінде бір бөлке нанның сатылу бағасы әлеуметтік дүкендерде 65 теңгеден болса, ал ірі сауда үйлерінде 85-90 теңгеден сатылуда.

Бүгінгі таңда шаһар тұрғындарын нанмен қамтамасыз ету үшін 8 наубайхана тұрақты жұмыс істеуде. Аталған кәсіпорындарда тәулігіне шамамен 100 мың дана нан пісіріледі. Ас атасын аталған көлемде дайындау үшін күніне 41,2 тонна, ал айына 1 236,7 тонна ұн жұмсалатынын көрінеді. Жалпы кәсіпкерлерге ұн жеткілікті көлемде және тиімді бағамен жеткізілуде.

Жыл сайын азық-түлік бағасының өзгеріп отыруы қалыпты жағдайға айналды. Алайда өткен жылдарға қарағанда биыл азық-түлік өнімдерінің тым қымбаттап кетуі халықтың қалтасына ауыр болды. Қорыта келгенде, адамның қалыпты өмір сүруіне азық-түліктің рөлі басым екені айтпаса да түсінікті. Сондықтан азық-түлік тауарларының жетіспеушілігі, маңызды өнімдердің бағасының өсуі сынды мәселелерін шешуде көшенді шаралар қабылдау қажеттігін ұқтырып тұрғандай.

«ЖЖ» ақпарат

Мәселе

Алимент өндіру: 1 162 арыз түскен



Ащы болса да шындық, елімізде бауыр еті баласынан бас тартып, алименттен жалтарған жандар саны артып келеді. Сот орындаушылары заңда бекітілген соманы емес, баласына киім-кешек, мектепке қажетті құралдар, азық-түлікпен көмек көрсетуге де болатынын айтса, дін өкілдері балаға көмектесу қарыз емес, парыз екенін айтады. Баласының алдындағы парызынан жалтарғандарға қандай жаза қолданылады? Алименттік міндеттемелердің өзіне тән белгілері қандай? Тарқатайық...

Ажырасу барда алимент мәселесі өзектілігін жоймайды. Өкінішке қарай қазақтылықтың қаймағы бұзылмаған Сыр өңірінде де мұндай мәселе қалыпты нәм қауіпті құбылысқа айналып барады. Облыстық көмекетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сот келтірген цифрлар сөзімізді айғақтайды.

Жыл басынан бері оның қарауына сот бұйрығын шығару және өкелікті анықтау, алимент өндіру туралы 1162 арыз түскен. Оның 770-і талап қою, 31-і ерекше іс жүргізу, 361-і сот бұйрығын шығару сипатында. Ал өкелікті анықтау және алимент өндіру туралы арыздар бойынша 24 талап қойылып, оның 10-на қатысты шешім шығарылған.

Судья Зебира Абылайқызы ерлі-зайыптылардың негізінен 40 жасқа дейін некесі бұзылатынын, онда да көпбалалы отбасылардың шаңырағы жиі шайқалатынын айтады.

— Ажырасуға көбіне материалдық жағдай есер етеді. Оның ішінде ер

адамның жұмыссыздығы, ішімдікке әуестігі, айналып келгенде жауапкершіліктен жалтаруы кесірін тигізеді. Бірақ ерлі-зайыптылар мұның бәрін «мінезіміз жараспады» деп бір ауыз сөзбен қайырады. Ішкілікке салынып, түзу жолдан тайып, баланы өкесіне қалдырып кететін әйелдер бірен-саран болса да кездеседі, — дейді судья.

Борышкерлерден алимент өндіру бағытында облыстық прокуратура да ауқымды жұмыс атқарып келеді. Атап айтқанда, есепті кезеңде әділет департаменті мен жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасына заңдылықтың бұзылуын жою туралы 10 ұсыныс енгізілген. Нәтижесінде 102 жалғызбасты ананың пайдасына 55,6 млн теңге алимент берешегі өндірілді.

Облыстық прокуратураның басқарма прокуроры Мейіржан Тұрғанбекұлының айтуынша, 101 борышкер уақытылы алимент төлемегені үшін өкімшілік кодекстің 669-бабымен өкімшілік жауапкершілікке тартылған. 32 жеке сот орындаушыға міндеттерін

тиісті деңгейде орындамағаны үшін тәртіптік шара қолданылған. Прокуратураның бастамасымен алимент төлеуден жалтарып жүрген 14 борышкерге қатысты қылмыстық кодекстің 139-бабымен іс тіркелген. Оның алтауы қылмыстық жауаптылыққа тартылған. Қалғаны бойынша әлі де тергеу амалдары жүргізіліп жатыр.

Ажырасқаннан кейін ата-ананың бала алдындағы қарызын өтеу мәселесі республика көлемінде де қордаланып тұр. Статистикаға қарағанда, өткен жылы алимент өндіру туралы 8 мыңнан астам сот шешімі мүлде орындалмаған. Әділет министрлігі елімізде алимент төлеуден қашып жүрген 270 мыңнан астам адам барын жариялады. Былтыр 14 мыңнан астам азаматтың Қазақстан шекарасынан шығуына уақытша тыйым салынса, 7 мыңға жуығы өкімшілік жауапкершілікке тартылған.

Жандос МАХМҰТҰЛЫ

Ман даладағы қуғын-сүргін

1920 жылы 26 тамызда В.Ленин мен М.Калинин қол қойып, Бүкілодақтық атқару комитеті Халық Комиссарлары кеңесінің «Қырғыз АССР-ін құру туралы» декреті негізінде Закаспий облысында І Маңғыстау съезі шақырылып, Қазақстан территориясына ену туралы шешім қабылданды. 1920 жылы 4 қазанда Бүкілқазақстандық І съезд Маңғыстау уезін Адай уезі деп жариялады.

Маңғыстау түбегінен бастап Ойылға, бір жағы Сам құмдарының оңтүстігіне, одан әрі Арал теңізіне дейін созылған кеңбайтақ далада көшіп жүрген ел арасында бірден-бір билік жүргізу құқығы тек қана революциялық комитеттің төрағасы Тобанияз Әлнияз-ұлының басшылығымен жүрді. Бірақ Тобанияз басқарған Адай ревкомы мен орталық өкімет арасындағы қарым-қатынас қалыпты болмады. Себебі үкімет пен партия, ОГПУ органдары Адай даласында пролетариат жоқ болғандықтан, кеңестік органдар жау элементтердің қолына көшті деген күдікте болды. ОГПУ органдары Т.Әлниязов, М.Атанов, С.Балқиев және тағы басқа 85 адамның үстінен іс қозғап, жауапқа тартуға кірісті. Бұлардың ішінде партия мүшелері де бар еді.

Елдегі Кеңес өкіметіне қарсы қозғалыстың басталуына негізгі себеп болған оқиға 1922 жылы күзде Қызыл Армия қатарына 1901 жылы туған азаматтарды шақыруға қарсы түру әрекеті еді. Ревком мүшелері мен уездегі беделді адамдар өскер қатарына қазақтарды алуға наразы болып, астыртын жиын өткізіп, әскери комиссар Стребляков пен ревкомның саяси бюро бастығы Рыбоследовті тұтқындауға шешім шығарды. Сөйтіп қарулы көтеріліс әзірлеуге кірісті. Ал өскерге шақырылған қазақтар Форт-Александровскіден қырға қашып бой тасалады.

1922 жылы Тобаниязға «Ақсақа-лдар билігін сақтайды, бұрынғы ескіден келе жатқан ата салтын дәріптейді, дін мәселесіне мән беріп, оны қолдайды, адай еліне «хан» атаңған, хан болуды көксейді. Үлкен ықпалды, беделді адам. Алаш партиясымен сыбайлас, оның батыс бөлімінің басшыларының бірі» деп, ОГПУ органдары оны қудалауға белсене кіріседі.

1927 жылы 11 қыркүйекте Адай уезі мен Ақтөбе губерниясына қа-расты Темір уезі құрамындағы Ембі-Байсары болысының бір жартысы біріктіріліп, Адай округі құрылды. Қазақ АССР-нің аймақтандыру шешіміне сәйкес округ 1928 жылғы шекаралық шектік негізінде барлығы қазақ ұлтынан құралған 5 ауданмен қалдырылды. Адай округінің өкімшілік орталығы болып Ойыл кенті бекітілді. Кеңестік өкімет Маң далада езіндік беделі бар ру жасыларын жаңа құрылған кеңестік партия қатарынан шығарып, алдын түрмеге жауып, өз билігін енді көсіліп жүргізуге кіріскен сәтте 1928 жылы елді жут жайлап, мал қырылып, аштықтан адамшы күшейіп кетті.

1928 жылы 4 тамызда Форт-Алек-сандровск қаласында Д.Измамбетов-тің төрағалығымен аштықпен күрес комиссиясының отырысы өтті. Комис-сияның шешімі негізінде паек нормасы анықталды. Паек нормасы қаржылай тартылды. Бір адамға шаққанда ет – 1/4 фунт, еттің құны сол күні ақшалай берілді. Дәнді дақыл – 1/4 фунт, бидай ұны – 1 фунт. Қант пен шайға әр ашыққан адамға күніне 2 тиын беру бекітілді. Паекті тарту бір айда екі рет, әр айдың 1 және 15-іне белгіленді.

Адай округіндегі кеңестендіру жұмысы дұрыс жолға қойылмаған, оған жеке тұлғалар өз әсерін тигізген деген бағытта алдын ала жіберілген комиссия қорытындысына сүйеніп, елде алғашқы репрессиялық жұмыстар 1928 жылдан бастап қолға алынды. Бұл адаиларға қарсы репрессияның бірінші кезеңі болатын. Арнайы партиялық тапсырмамен Ойылға жі-берілген Ерناзаров комиссиясы жұ-мысының қорытындысында «Ойыл ісі» ашылды. «Ойыл ісіне» қатысты 16 адам сотқа тартылып, 12 адам әртүрлі мерзімге бас бостандығынан айырылып, қудаланды.



Кеңес өкіметінің саясатына қарсылық тек Ойыл партиялық коми-тетінде ғана емес, ірі Маңғышлақ аудандық ұйымында да бар деген желеумен өлкелік комитет арнайы комиссияны Маңғыстауға да жіберді. 1928 жылғы тексеріс нәтижесінде Маңғыстау аудандық партия ко-митетінде 323 адам, яғни 63,47 пайызы «жат элемент» деп танылып, партия қатарынан шығарылды. Партия қатарында тек 91 партия мүшесі мен 37 мүшелікке кандидат қалдырылды. Сонымен қатар осы комиссияның анықтағанындай, жер-гілікті Кеңестік партия ұйымының ыдырауына және Адай округіндегі кеңестендіру жұмысына кедергі келтіріп жүрген қарсы топ («Ойыл ісіне» қатыстылардан басқа) өкілдері анық-талған. Олар – Жалау Мыңбаев, Баймырзаев, Алпысбай Құлшаров, Байбос Қылыбаев, Ибат Игенов.

1928 жылы қазан айында Адай округінің орталығы Ойылдан округтік партия комитетінің тапсырмасымен Шабден Ералиев Маңғыстау аудандық партия комитетінің конференциясына қатынасу үшін Форт-Александровск қаласына келеді. Маңғыстау аудан-дық партия комитетінің 1928 жыл-дың 21 қазанындағы партия кон-ференциясында ауданда орын алған кемшіліктерді қателіктерін мойын-даудың орнына округтік партия ко-митетінің жұмысын сынады. 1 қа-раша күні Форт-Александровскіден Ш.Ералиевпен бірге округтік партия конференциясына сайланған деле-гаттар моторлы қайықпен Гурьев қаласына су жолы арқылы жолға шығады. 2 қараша күні түнде белгісіз себептермен Ш.Ералиев жоғалып кетеді. Маңғыстаудан шыққан де-легаттар Ш.Ералиевтің кенеттен жоғалуына да, қайтыс болғанына да мән беріп, шара қолданбайды. Форт-Александровскіден келген бұл делегация округтік конференцияға қатысып, өлкелік комитет саясатына тағы да қарсы шығады. Округтік конференция аяқталған соң, Форт-Александровск делегациясы, барлығы 20 адам «Ералиев ісі» бойынша қамауға алынып, Қызылорда қаласындағы ОГПУ түрмесіне қамалған. «Ералиев ісі» бойынша: Анатолій Адомайтис (улты литвалық), Төрәлі Самалықов, Жөке Шабеев, Айжарық Бекжанов, Айдақұл Қанатов, барлығы 1929 жылы 21 мамыр күні 20 адам партия қатарынан шығарылған.

1929 жылы 19 ақпанда басында 10, кейіннен 6 делегатқа (Ж.Шымыр-ұлы, Б.Айболатұлы, Ж.Ізмандбетұлы, С.Көбейұлы, Ә.Ишімұлы, Ж.Ша-байұлы) қасақана кісі өлтірді деген айып тағылып, қылмыстық іс қозғалады. Сол жылдың басында Мемлекеттік біріккен саяси басқар-маның Қазақстандағы толық өкі-летті уәкілдігінің алқасы оларға ату жазасына үкім шығарады. Жарты жылдан кейін ату жазасын 10 жылға лагерьде өткізуге ауыстырылады. «Ералиев ісі» бойынша сотталған 4 қазақ: Ишімұлы, Айболатұлы, Ізма-мбетұлы, Көбейұлы бұл үкім өз-гергенге дейін түрмеде қайтыс болған.

Маңғыстаудағы репрессияның екінші кезеңі тарихта «Тобанияз ісі» атымен қалды. 1929 жылы Тобанияз Әлниязұлы тұтқынға алынады. «Бай-лардың, саудагерлердің, патша өкі-метінің бұрынғы Адай округі кеңес қызметкерлерінің контрреволюциялық ұйымы» деген қылмыстық іске қатынасушылар деп, Қылмыстық кодекстің 58-2-бабымен ОГПУ ор-гандары 70 адамды айыптап, тұт-қындайды. 1930 жылы 9 қазанда ОГПУ «үштігінің» шешімімен Тоба-нияз бастаған 21 адамды атуға, қал-ғандармен 3 жылдан 10 жылға дейін түрмеге жабуға үкім шығарады. Осының бөрі халықтың наразылығын әбден қушайтты. Бұған ұжымдастыру кезіндегі оқиғалар қос-сылып, көтеріліс қаупі пісіп-жетілді.

Маңғыстау жеріндегі жаппай саяси репрессияның басталуына әсер еткен оқиға 1929-1932 жылдарғы Адай қа-зақтарының Кеңес өкіметінің өктем саясатына қарсы жүргізген халық кө-терілісі еді.

Осындай қиын-қыстау заманда Маңғыстау қазақтары ауыл ша-руа-шылығы өнімдерін дайындау нау-қандарының қысымы мен жұттан кейінгі аштықтан құлазыған халық лөгі Түрікменстан жеріне қарай ығысты. Маңғыстау қазақтары үшін репрессияның үшінші кезеңі – «Адай көтерілісі» ісі. Ол тарихта 1931 жылы болды. Адай көтерілісі бойынша (1931 жыл, наурыз-қыркүйек) жауапқа барлығы 740 адам тартылып, оның 559-ы тұтқынға алынды, олардың 50%-ы байлар болса, қалғандары орта тап пен кедейлер еді. Кіне артқан қорытынды үкімде Маңғыстау, Табың, Жылыой аудандарындағы байшыл-ұлтшыл топтар қазақтың тұрғылықты халқын Түрікменстанға көшіруді ұйым-дастырып, көшіп бара жатқан жол-да балық кәсіпшілігін тонап, Форт-Александровскіге шабуыл жасап, малдарын тартып алып, айдап кеткен делінген 1931 жылы 740 адамның 281-і қамаудан босады, ал 1932 жылы 318-і тұтқындалғанымен олардың істерінде қылмыс құрамы болмағандықтан тоқтатылды. Қалғандары кінәлі деп саналып сотталды: 2 адам ату жа-засына кесілді, 17 адам 10 жыл бас бостандығынан айрылды, 82-сі 5 жыл-ға, 67-сі 3 жылға, 5-еуі 2 жылға, 24-і 5 жыл айдауға кетті, 99-ы әдейі басқа жаққа көшірілді. Сотталғандардың кө-бісінің мал-мүлкі тәркіленді.

Маңғыстау даласындағы жаппай қуғын-сүргін тек жергілікті ұлт өкілдері – қазақтарды ғана жазалаумен тоқтап қалмады. Репрессия өңірдегі басқа ұлт өкілдеріне де өз зардабын тигізді. Өңір халқын әлеуметтік тапқа бөлген комиссия 1926 жылы 21 шілдеде Баутино балықшы кентінде алғашқы кулактар тізімін жариялады. 1930 жылы Баутинода «балық өндірісіндегі саудагер, кулактар» тобы талқандалды. 19 адамнан тұратын Баутино балықшыларына «кулак» деген айып тағылды. ОГПУ «үштігінің» шешімімен Баутино елді мекенінің 19 тұрғынынан 11 адам – 10 жылға, 5 жылға 6 адам бас бостандығынан, 3 жылға бас бостандығынан 2 адам айрылды. Сонымен қатар 1930 жыл-ғы

21 қараша күні Форт-Александровск қаласында өткен қалалық сайлау ко-митетінің шешімімен Баутино кентінің 56 тұрғыны (барлығы еуропалық ұлт өкілдері), Форт-Александровск қа-ласының 6 тұрғыны (барлығы қазақтар) сайлауға қатысу құқығынан айрыл-ған. Олардың дені қазақтар, арасында 8 орыс, 2 түрікмен болған. 1931 жы-лы Баутино кенті бойынша сайлау құқығынан айрылған отба-сылар санына толықтырулар өңгі-зіліп, бұрынғы 56 адам отбасынан қалып қойған ересек бала санымен толықтырылып, адам саны 75-ке жеткен. Сайлау құқығынан айрылған адамдар жағдайы күрт нашарлап кетті. Олар Кеңес өкіметінің жат элементі ретінде танылды.

Маңғыстау даласындағы репрес-сияның төртінші кезеңі 1937-1938 жылдар аралығын қамтыды. 1938 жылғы саяси репрессия құрбанда-рының бір оқиғасы «Жемөңейлер ісі» деген атпен белгілі. 1938 жылы 4 шілде күні Аманқызылпт жерінде отырған 70 отбасынан құралған Маң-ғыстау ауданының №18 аулы «Ми-коян» жер өңдеу серіктестігіне таң атпай, шырт ұйқыда жатқанда ОГПУ өкілдерінен құралған астаулы машина келіп тоқтап, 54 ер-азаматты ағаш үйге қамап, ас-сусын, отбасыларына түсініктеме бермей, келесі күні таң ата жолға шығып, Форт-Александровск қаласындағы түрмеге қамады. Олар Атырау түрмесінен Ресейге жер аударылып, 27 қыркүйек пен 3 қа-раша аралығында 54 қазақтың 38-і атылған «Жемөңейлер ісі» бойынша атылған Маңғыстау қазақтары ішінде Сейтмағанбет Төлепов, Жөлек Төлепов, Шаригат Айжанов, Қапаш Қинақов, Үсен Қинақов және тағы да басқалар бар. Олардың барлығы НКВД-ның Гурьев облысындағы «үштігі» РКФСР Қылмыстық кодексінің 58-2,6,7, 11-баптары бойынша сот-талып, жазаның ең ауыр түріне үкім шығарылған.

Маңғыстау өңіріндегі жаппай қу-ғын-сүргін қиындығы халықтың жағ-дайын күзетпей, ел есенгеріп қалды. Репрессия құрбандығына ұшыраған түбек қазақтарынан басқа ұлт өкілдері шоғырланған Форт-Александровск, Баутино балық шаруашылығы кент-тері де босап, бір сәтте қанырап қалды. Ал Маңғыстау қаройын тастап көшкен жергілікті ұлт өкілдері аштық пен жохшылықты арқалап, басқа елдің босағасын паналады. Асыра сілтеу саясатының құрбаны болған елдің басым бөлігі түбекті тастап, алды Түрікменстан, Қарақалпақстан Хиуа жерлеріне өтті. Сөйтіп, кезінде ақ патша да бағындыра алмаған Маң даланың халқын өз уысында ұстап қалуға жанталасқан жаңа құрылған Кеңес өкіметі бір сәт елі жан-жаққа босып қашқан түбек тұрғындарының көшін қайыра алмай дағдарды. Маңғыстаудағы репрессия өте ауқымды тақырып, ол туралы де-ректтер жылдан-жылға толығып, ар-найы зерттеу ісіне сұранып тұр.

Эльвира АБЛАНОВА, тарих ғылымдарының кандидаты

Тазалық – ортақ абырой

Соңғы уақытта сырттан келген қонақтар ауданның тазалығына жиі тамсанып жатады. Бұрынғыдай көшенің сәнін кетіретін арам шөп те жоқтың қасы, барлығы тып-типыл орылған. Көктем келсе, арықтарға су жіберіліп, ағаштар жасыл-желекке айналады. Тал діңгектері әктеліп, біркелкі мұқият қырқылған.



Әрине, мұндай тазалықтың артында аудан азаматтарының ерен еңбегі жатыр. Жергілікті билік тарапынан да тазалық акциялары мен сенбілік шараларын ұйымдастыруда ауқымды жұмыстар ат-қарылуда. Әлбетте, тазалыққа тастай талап қажет. Мәселен, әр аптаның сенбі күні жалағаштықтар бірауыздан сенбілікке шығып, көшелерді қоқыстан тазартып, ауданның ажарын айшықтайды.

Өткен сенбіді де 145 мекемеден 1 300-ге жуық адамның қатысуымен ауданда жаппай сенбілік ұйымдастырылды. 18 техника жұмылдырылып, көшелер мен саябақтардағы 10 тоннаға жуық құл-қоқыс белгіленген орынға шығарылды. Сондай-ақ сенбілік жұмыстары аясында көшелер, аллеялар мен саябақтарда арам шөптер шабылды. Жиналған қоқыстарды шығаруға кент бойынша жауапты мердігердің, ауылдық округтер бойынша шаруа қо-жалықтардың техникалары жұмылдырылды.

— Ауданның көркеюі мен тазалығында дәл осындай сенбіліктердің орны ерекше. Осындай жұмыстар арқылы көшеде есіп тұрған артық шөптер орылып, қоқыстардан тазарады. Сондай-ақ сен-білік арқылы тұрғындардың табиғатқа деген жақсы қарым-қатынасын және экологиялық мәдениетін қалыптастырып, ауданның санитарлық жағдайын жақсартуға болады, — дейді кент тұрғыны Алтынай Омарова.

Қазір аудандағы әрбір мекеме ұжымы тазалық маусымында табандылық танытып жатқанын көріп отырымыз. Енді әрбір сенбілікке жергілікті тұрғындар да өз үлесін қосуда. Әрбір адам өзі тұратын үйдің ауласы мен көшелердің көркеюіне және тазалығына мән берсе, құл-қоқыстармен келетін түрлі инфе-кциялық аурулар азаяды. Әсіресе көше бойына қойылған қоқыс жәшігіне салынатын қалдықтардың тиісті жәшіктің ішіне салынуы, жәлік толған жағдайда жауапты мекеменің уақытында тазартып отыруы да үлкен маңызға ие.

Жеке тұрғынның мәншігіне қарасты аула әркез таза болса, сенбілік жұмыстарына білек сыбана кіріскен мекеме қызметкерлерінің де жұмысы жеңілдер еді. Олардың да әр сенбі сайын сен-білікке шығып, демалысын өзегіне тиесілі ауланы тазалаумен өткізгенінің орнына өз ауласын тазалауға уақыты болар еді. Үйден шыққан қалдық, кір, көріз сулары көше бойында орналасқан ағаштардың түбіне төгіле берсе, жайқалған ағаштан таза өтпей емес, лас ауа бөлінуі мүмкін. Тіпті қанша жылдардан бері келе жатқан жасыл желек өңесіні тіктеудің орнына, құрап кетсе қиын.

Иә, бұрын кейде пәндешілікпен «өзі аптасына бір рет келетін демалысымызда көше тазалаймыз ба?» деп жергілікті билікке көңіліміз толмай жататын. Кейін оның ортақ абырой екенін түсінгенін күңкіл басылды. Бүгінде жалағаштықтар сенбі келсе, еңгейген қарттан ойнаған балаға дейін құрал-сайманын дайындап, көшеге шығады. Әрине, мұнан қоғамда экологиялық мәдениеттің қалыптасқанын байқауға болады.

Қоршаған ортаны абаттандыруға жанашырлық танытып, апта сайын өтетін сенбіліктің мақсаты — туған жерді аздырмай, қолдан келгенше көр-кейтіп көгалдандыру. Туған жерінің ауасын жұтып, суын ішіп, табиғатынан қуаттанған әрбір азамат өз ауласын таза ұстап, қадірлеуі тиіс.

Мейрамбек ОСПАН



Мейрамбек БОЛАТҰЛЫ

72 690 адам екпе алған

Мамандар қызылшаның қазіргі таралуы қауіпті екенін айтады, өйткені күз-қыс мезгілінде ауру өзінің шарықтау шегіне жеткендіктен ахуал күрделеніп кетуі әбден мүмкін. Десе де аймақта қабылданған эпидемияға қарсы шаралардың нәтижесінде мамыр айында қызылша деңгейінің төмендеуі байқалады.

Бұл ретте қызылшаға қарсы қо-сымша жаппай имундау науқаны-ның тиімділігін көруге болады. Был-тыр 6 қарашада басталған бұл шара аясында 72 690 адам ауруға қарсы екпе алып, бүгінде ұжымдық имму-

нитет қалыптасып келеді. Дегенмен эпидемиологиялық ахуалды тұрақ-тандырып, вирус айналымын әлсі-рету үшін әлі де тиісті контингент ек-пемен қамтылып, қорғаныс қабілетін нығайтуы керек. Себебі сырқаттану-

шылық негізінен вакцинацияланбаған балалардың арасында тіркеледі, бұл ауруға шалдыққан балалар санының 80 пайызын құрайды. Сондықтан Қызылорда облысының санитария-лық-эпидемиологиялық бақылау де-партаменті ата-аналарды ұлттық егу күнтізбесіне сәйкес баланың 12-15 айлығында және 6 жасында қызыл-ша, қызамық пен паротитке қарсы вакцинация уақытылы алуы қажеттігін ескертеді.

Облыстың санитариялық-эпидеми-ологиялық бақылау департаментінің басшысы Динара Жаңабергенованың айтуынша, эпидемиологиялық мони-торинг қызылша індетіне шалдыққан-дардың басым бөлігі ауруға қарсы екпе алмағандығын көрсетсе, бұл кезеңінде қызылша инфекциясынан сақтанудағы

екпенің қажеттілігін тағы да дәлелдеп отыр. Халық арасында қызылша ауруына қарсы вакцинациялау барысы әлсіреп, екпеден бас тартушылар саны артқан жағдайда ұжымдық иммунитет бәсеңдей түседі.

Сәйкесінше ауру жұқтырып алу қаупі күшейеді. Қауіп тобында екпе алмаған, иммунитеті әлсіз адамдар бар. Сондықтан аурушандық көрсеткіштері бәсеңдей түскен уақытта қайтадан өршітіп алмас үшін уақытылы ем қабылдап, вакцина алудың өзектілігін түсінген дұрыс. Сақтық шараларына салғырт қарамай, екпе алу арқылы аурудан қорғануға болатынын есте сақтаған абзал. Мұндайда маман кеңесі бөрінен маңызды.

Тарих

Жалағаш жері – тұнған тарих



Халқымыздың тәуелсіз мемлекет құрып, ұлттың азаттығын сақтай білуі бүгінде қаншалықты маңызды болса, мемлекеттің шынайы да танымды тарихын жазып, келер ұрпаққа жеткізе білуде соншалықты маңызды. Өткеннің тарихын білмей, болашаққа қадам баса алмайсың. Келешек үшін жасалатын кемел істердің, игі бастамалардың, тіпті әлемдік өркениетте орын алу үшін де кім екенінді, қайда туып-өскенінді, туған жерінің тарихын білу маңызды. Өйткені тарих – ұлттың жады. Жалағаш жерін шежіре тұнған мекен деуге болады. Себебі бұл өңірден ақын да, батыр да, дана да, ғалым да, шайыр да, ахун-ишандар да шыққан.

Сәтбай кесенесі

Бұл кесене Сыр бойы қазақтарының «ұйтам» үлгісі бойынша салынып, көлемі 25х25х6 см ортағасырлық күйдірілген қыштан тұрғызылған. Іргетасы мен табаны да сол кірпіштен өрілген. Есігі батыс жаққа қараған. Кесене портал салу арқылы ерекшеленіп тұрады.

Тарихи зерттеулерге сүйенсек, кесененің сыртқы көлемі – 8,2х8 метр, жалпы биіктігі – 5,7 метр. Порталдың биіктігі – 4,5 метр, төрт бұрышына 4 мұнара тұрғызылған. Әрқайсысының биіктігі – 3,6 метрді құрайды. Кесене біркамералы, төбесі күмбезделіп кетеді. Ішінде төрт қабір жатыр. Төрдегі үлкен қабір Сәтбайдікі, қалған үшеуіне немерелері жерленген.

Кесененің ішкі беті ортағасырлық сылақтың бір түрі «ғанч» ерітіндісімен сыланған. Бірақ

сыланған жерлер опырылған, тек әр жеріндегі сілімдері ғана сақталған. Кесененің іші киіз үйдің жабдықталуына ұқсас безендірілген және ол үшін архитектуралық тығыз байланысты монументальды живописьтің бір түрі «сграфито», яғни қабырғаға салынған немесе сызылған суреттер техникасы пайдаланылған. Қабырғаларға сол кездегі қазақтардың көшін бейнелейтін суреттердің фрагменттері панорама үлгісінде майлы бояумен салынған. Суреттерде қой, жылқы айдалып, жүк артылған түйелер, сол сияқты сөйгүлік ат жетектеген атсейістер мен шабандоздар, қыз-келіншектер мен жігіттер көрінеді. Табиғат көріністері, киік, қасқыр, тағы басқа жабайы аңдардың суреттері тұтас композицияда панорамаға енген. Суреттер толық сақталмаған, көп жерлері өшіріліп, түсіп қалған. Қабырғалардың кейбір жерлерінде қызыл және көк түстермен салынған ою-өрнектердің фрагменттері де

ұшырасады. 2005 жылдың сәуір айында кесенеге Қорғау тақтасы орнатылған.

Піреке мешіті



Бұл мешіт бүкіл ғұмырын мешітте балаларды мұсылмандыққа оқытуға арнаған, жергілікті халықтың діни сауатын ашуға көп еңбек сіңірген Піреке деген молданың атымен аталады.

Мешіт биік құм төбенің үстінде, үлкен зираттың дәл ортасында орналасқан. Ғимараты жартылай қираған екі бөлмеден тұрады. Сондықтан да оның өлшемін нақты әрі дәл белгілеу мүмкін емес. Бөлменің солтүстік-батыс және оңтүстік-шығыс жақ бетке қараған және қабырғаның дәл ортасында терезелердің орындары орналасқан. Ғимаратта қирап қалған екі кірер есіктің орны аңғарылады. Кіші бөлмеде есіктің орны сақталмаған. Мешіттің оңтүстігінде 20-25 метр жерде 2 құрылыс нысаны орналасқан. Олар осы мешіттің шаруашылық мақсатта пайдаланатын қосымша ғимараттары болуы ықтимал.

Шойбас байдьң кесенесі

Кесене Жаңадария ауылының оңтүстігінде «Шойбас» деген жерде орналасқан. Салынған уақыты, шамамен XIX ғасырдың екінші жартысы.

Кесене Сыр өңірінде тұратын қазақтардың «ұйтам» үлгісі бойынша, көлемі 30х21х7,5 см болатын қам кесектерден

салынған. Біркамералы, порталды-күмбезді құрылыс. Кесененің ішкі-сыртқы беттері қалың етіп сабан сылақпен сыланған. Жебе тәрізді етіп қаланған қуыстың ішінде

цилиндрлі күмбезбасты барабанның үстінде орналасқан. Күмбез мықты болып шығу үшін арасына сексеуілдің бұтақтарын қоса қалап жіберген. Күмбездің төбесінде ішкі жарық түсуі үшін бірнеше арнайы тесіктер қалдырылған. Квадрат пішінді камераның жоғарыдағы күмбездің шеңберіне қарай жалғасып кетуіне жебе тәрізді үшкір камера бұрыштарынан сыртқа қарай бірте-бірте шығыңқы, яғни көлбеу етіп қаланған. Бұл «парустар» камера еденнен 2,1 метр биіктікте бастау алады. Камераның оңтүстік және солтүстік қапталдарында бір-біріне қарама-қарсы жебенің ұшы тәрізді етіп жасалған қуыс-тесіктер қалдырылған. Кесененің дәл ортасында бір қабірдің орны жатыр. Төрт бұрышында жалпы формасы домалақ болып келетін төрт бағана (гульдаста) тұрғызылған. Кесене Сыр өңірінің Жаңадария және Қуандария өзендерінің көпкең арналары аумағында жиі ұшырасатын жергілікті тайпалардың мемориалдық күмбезді құрылыстарының бір үлгісі ретінде құнды архитектуралық нысан.

Туған жердің тарихын айтып тауысу мүмкін емес. Өңірде бұл секілді тарихи-мәдени маңызға ие киелі орындар көптеп саналады. Сол тарихи мұраларымызды күтіп-ұстап, дәріптей білу кейінгі ұрпақтың парызы. Әрине мұның әрқайсысы тарихи құндылық, ұрпаққа асыл мұра.

Жандос ЖАЗКЕН



Беркінбай Бекниязұлы – 115 жыл

Кәлпе рухына құрмет

Ауданда 2009 жылы Беркінбай Бекниязұлының 100 жылдық мерейтойына орай ас берілді. Аталған шараны іске асыру үшін бюджет көзінен қаражат қаралмағандықтан сол кездегі аудан әкімі Ө.Шаменовтің ұсынысымен кәлпе атынан есеп-шот ашылады. Бұл іс-шараға бүткіл аудан халқы, Қызылорда, Алматы, Астана қалаларында тұрып жатқан ағайындар да атсалысты. Есеп-шотқа ақша аударған мекемелер мен азаматтардың аты-жөндері және шотқа түскен қаржы сомасы жергілікті «Жалағаш жаршысы» газетіне нөмір сайын жарияланып тұрды. Солардың ішінде, ақтаулық кәсіпкер Сәбит Қажы Салқынұлы, алматылық Тоқтамыс келіні Інжу әжеміз, дәрігер Болат Баймаханов, Самай Пірманшаев ігілікті бастаманы қолдап кеткенін атап өткен жөн.

Беркінбай кәлпе кесенесі мен зиярат орны кеңес заманында бой көтерген мәлім. Кәлпе кесенесін ұрпақтары тұрғызған. Түнеухана құрылыс жұмыстарының жоспарын сызып, құжатын дайындап, зиярат орнын салдырған азамат сол кездегі ЖМК-17 басшысы Қожахмет Баймаханов еді. Қорға жинақталған қаржының игерілуі де, құрылыс жұмыстарын қадағалау да, мерекелік іс-шараның да негізгі ауыртпалығы сол кезгі Ақсу ауылының әкімі Қожатай Құлмаханға түседі. Жиналған қаржы есебінен кәлпенің бұрынғы түнеуханасы бұзылып, оның орнына қазіргі талаптарға сай келетін ғимарат құрылысы басталып кетеді. Ескі түнеухана ғимаратын бұзу жұмыстары «Сәрке батыр» ЖШС (басшысы С.Қалтаев) күшімен тегін атқарылды.

Құрылысы ұста Алихан Қайыпов өз жігіттерімен жаңа түнеухана құрылысын бастап кетеді.

Сонымен қатар, аудан халқының күшімен түнеухана жанынан асхана, сарай, сәуі секілді қосымша құрылыстар салынып, мінажат орны аумағын абаттандырып, темір шарбақтармен қоршау, тағы да басқа көптеген жұмыстар жасау жоспарланады.

Құрылыс материалдарына жұмсалған әрбір тиын есепке алынып, қаражат біртіндеп игеріле бастады.

Дәнекерлеу жұмыстарын қолжетімді бағаға Көздібаевтар әулеті атқарып шығатын болады. Алайда, жұмыс қызып тұрған шақта дәнекерлеуші ағайынды жігіттер келісілген қаражат сомасынан бас тартып өз еңбектерін тегін жасап беретіндерін білдіреді. Ауданымыздың шешен ұлтының азаматтары көлпе басының жаңғыртылып жатқанын естіп, олар

да көмек қолдарын созады. Дәлірек айтар болсақ, түнеухана алды мен кесенеге дейінгі аяққолға төселетін бетон плиталарды өз техникаларымен әкеліп, төсеп береді. Бұл істі бітірген жігіттердің бірі: – Естүмізше әкелеріміз Беркінбай кәлпені құрмет тұтып, бастарына көтеріп, пір тұтқан екен. Кезінде кәлпенің тұрғын үйін салуда біздің ата-аналарымыз көмектесіпті. Құрылыс жүріп жатқанда, ара-сында Беркінбай кәлпе келіп, жұмыс барысын бақылап кетеді екен. Бірде шешелеріміз тамның іші-сыртын сылап жатса керек. Сол ейелдердің бірі кәлпе түсінбесін деген оймен өз тілінде:

– Осы-ақ шаршатты. Басымызға бөле болды-ау, – депті қасындағы құрбысына. Жақын манда тұрған кәлпе бұны естіген бойда:

– Қәнеки, түсі! Кет бар! – деп, ашулана зекіп тастапты.

Өзінің бұл ағаттығынан қорқып кеткен әлгі әйел бірден Беркінбай бабамыздың аяғына жығылып, өз қылығына өкініште екенін білдіре, сол жерде кәлпенің кешірімін алуға асығыпты.

Ауыл әкімі Қ.Құлмахан күндегідей осында атқарылып жатқан жұмыс барысын қадағалап жүріп, ұзындығы бір қадамдай жылан көреді де, әріректе жүрген Садықов Союзды дереу өзіне шақырып, жыланды көрсетеді. Баба әруағы кей адамдарға жылан кейлінде көрінеді дегенді естіген екеуі, әп-пақ жыланға тиіспей өз жөнімен қоя беріпті. Ертесіне кәлпе қызы Серікқұл ана:

– Інім-ау, бабаң тірлігіне бас-көз боп жүргеніңнен бе, түсімде көкем аян берді. Ол саған көрінген екен. «Мына бала менен неге қорықты, деп жатыр?» – дегеніне бұл да баба кере-

метінің бірі шығар, – деп топшылап-ты Қожекең.

Беркінбай кәлпе асы болар күн таяп, құрылыс жұмыстары да өз мерзімінде аяқталуға жақындайды. Ең соңғы күні шарбақ сыртында құрап қалған тікөңек-шеңгелдерді шауып, айналаны қоқыстардан тазарту жұмыстары да басталып кетеді. Қоқыс-қалдықтарын өртеп жүрген кезде аяқ астынан жел күшейіп, құрап тұрған ши-қамыстарға тиген от өл бермеуге айналады. Тіпсіз жауға төтеп бере алмасын білген азаматтар жедел түрде аудандық өрт сөндіру бөліміне хабар береді.

Кәлпе зиярат орны аумағының айналасы түгелдей шарбақпен қоршалған. Қоршаудың, әсіресе оңтүстік бөлігінің тұсы шөңгел жыңғыл жиде мен шөптеcін қаулаған қалың жыныс.

Тіпсіз жау осы қалыңға дем арасында жетеді. Өрт жалыны зиярат орны сыртының оңтүстік аумағын түгел жалмап, енді кәлпенің кесенесі мен іш-сыртында ши-бұтасындар есіп кеткен зираттарды да орап алу қаупі туындайды. Осындағы жұртшылық қолдан келген амал-қарекеттерін жасап баққанымен, күш алып кеткен дүлей от адамдарға бой бермей кетеді. Көлемі едәуір жерге созылған өрт жалыны шамамен ең ұзын төректердің биіктігіндей жоғарыға көтеріліп, кәлпе зиратына жақындай түседі. Қырыққанда қатты жел де тура зиратқа қарай соғады. Өрт сөндірушілер көлемін дегенше кәлпе кесенесі мен қасындағы зираттар түгелдей отқа орану қаупі расқа айналады. Міне, жан-жағын жалмаған тіпсіз жау зират шетіндегі шарбаққа тақалып, қол созымдай-ақ жер қалады. От көлпе зиратының іші-сыртында, әдбеп құрап тұрған



қамыс-бұталардың төбе тұсына тиер қауіпін төндіреді. Алапат өрт, оққан желдің екпінімен кәлпе зиратына жоғары жақтан тақала келіп, белгісіз себептермен бір сәт қалқып тұрып қалады да, кейін серпіледі. Арасын ұзатпастан бейтпке қарай қайта ұмтылған жалын от тылсым күштің күдіретімен баба кесенесіне тақала бере әуеде қайтадан кілт тоқтай қала, сәл кідіреді де кері қарай және қайтады. Табиғаттың дүлей күшіне қарағар құбылысқа куә болған жұртшылық қауым бұл кереметті баба әруағына балағаны рас. Осылайша, үш-төрт қайталанған бұл көріністен соң көптен күткен өрт сөндірушілер де жетіп, лаулаған асауды тұсаулап тастайды.

Тіпсіз жау құрықталған соң айнала тазартылып, ертеңгі мерейтой ойдағыдай басталып кетеді.

Беркінбай асына жайылған дастарханнан дәм татқан халайық та, құрбандық шалушы жұртшылық та көп болған еді.

Беркінбай кәлпе мерейтойының мәдени-рухани ұйымдастыруын Тынымбай Мәдиев ағамыз қолға алғанды. Сценарий жазылып, сахна безендірілген бойда шара басталып кетеді. Аудандық «Иманқұл» мешіті-

нің шөкірттері осында жиналған жамағатқа уағыз айтып, біраз сауапты іс атқарады. Ауданымыздың жас марафоншылары бабамыз жерленген кесене басынан топырақ алып Ақсу ауылындағы Беркінбай кәлпе мешітіне тапсырады. Мешіт имамы бір уыс топырақты баба мешітіне қояды.

Сол кездері Беркінбай бабамызға: – Қазір қоғамымыз атеизмді ұстанады, бұрынғыдай мешіттер жоқ, шариғат сақталмайды, имандылық азайды, бұның ақыры қалай болар екен? – деп сұрақ қойылғанда:

Заманың, балам өзгерер. Өзгергенді көз көрер. Діннің бағын ашатын, Мезгілің де кез келер. Қырық жыл қырғын болғанмен, Алладан күдер үзбөңдер. Ақиқаттың ақ жолың, Құраннан ғана іздендер. Адастырмас әмөңда Иmandылықтан безбөңдер. Пөңдешілікпен шайтанның Азғыруына көнбөңдер, – деп жауап беріпті.

Кезінде телерадио дикторы болған, ардагер журналист Ахат Жанав ақсақал Беркінбай бабамыздың көпшілікке бата берген дауысын 1975 жылы ұнтаспаға жазып алған екен.

Мерейтой аяқталуға жақындағанда әруаққа құран бағышталады. Осы сәтте Тынымбай ағайдың режиссерлік фантазиясы халықты тағы да баурап алады. Асқа жиналған халық тарқасатын сәт жақындағанда микрофон іске қосылып Беркінбай кәлпенің ұнтаспаға жазылған дауысы Ақбөгет бойына тарап кетеді. Тосыннан кәлпе дауысын есті қалған жұртшылық қауым, әсіресе, кәлпенің көзін көріп, дауысын естігендер аңтарылып қалады. Әйел кісілер көздеріне жас алса, ер азаматтар Беркінбай бабалары тіріліп келгендей күй кешіп, үлкен толғаныста болып, бабамыздың батасына қолдарын жая, ұйып отырып тындап қалсады. Сол бата үзіндісін оқырман қауымға ұсынғанымыз артықтық етпес:

Қауіптен қатерден апаттан сақтасын. Дұшпанға пенде қылмасын. Халқымың дастарханы көңде болмасын. Екі дүниенің абатшылығын берсін, Алла тілегімізді қабыл алсын!

Сол күні Беркінбай кәлпе Бекниязұлы асына жиналған жамигат дұғадға болып, көуілерін жадырап, рухани дүниелері байып қайтқан болатын.

Марат АҚМЫРЗАҰЛЫ, музей қызметкері

Меншік иесі:

СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-56
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8(7242) 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2840 Тапсырыс № 826

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Кезекші редактор: Ақнұр АЛТЫНБЕК